№ 15-04-01/183-ҚҚ от 26.12.2024

«QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY ULTTYQ EKONOMIKAMINISTRLIGI TABIĞI MONOPOLIALARDYRETTEÝ KOMITETINIŃ AQTÓBE OBLYSY BOIYNSHA DEPARTAMENTI» RESPÝBLIKALYQ MEMLEKETTIK MEKEMESI

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТКОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

BUIRYQ

ПРИКАЗ

_____ № _____

«Ембіжылу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны үшін жылуэнергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметтеріне тарифті және тарифтік сметаны бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI Заңының 8-бабының 10) және 12) тармақшаларын, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген, Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының м.а. 2019 жылғы 15 тамыздағы № 1-НҚ бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті туралы ережесінің 14-тармағының 9) және 11) тармақшаларын және 19-тармағының 1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, «Ембіжылу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының өтінімі негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ембіжылу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны үшін жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметтеріне 2025 жылдың 1 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілуімен:

1) тарифтің деңгейін 1 Гкал үшін 7 727,99 теңге мөлшерінде;

2) осы бұйрықтың № 1 қосымшасына сәйкес тарифтік сметасы;

3) осы бұйрықтың № 2 қосымшасына сәйкес тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтердің шекті деңгейлері;

4) осы бұйрықтың № 3 қосымшасына сәйкес жылу беру мерзімінде ортақ есептеу құралдары жоқ үйлерге жалпы көлемінің 1 шаршы метрі үшін төлем бекітілсін.

2. 2025 жылдың 1 ақпанынан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 132-НҚ «Ембіжылу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны үшін жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметтеріне тарифті және тарифтік сметаны бекіту туралы» бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты «Ембіжылу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының назарына жеткізсін.

4. «Ембіжылу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны:

1) тұтынушыларды заңмен орнатылған мерзімде тарифтің бекітілгені туралы хабардар етсін;

2) тарифтің бекітілгені туралы тұтынушыларды хабардар еткендігі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментіне ұсынсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Ж.А. Картымбетовке жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Департамент басшысы **Е. Дүйсен**

Министерство национальной экономики Республики Казахстан - Эбимолдаев А.Т.

Приложение №2
к приказу Департамента Комитета по
регулированию естественных монополий
Министерства национольной экономики Республики
Казахстан по Актюбинской области от "_____"
декабря 2024 года №_____

Дифференцированные тарифа на услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергей КГП "Эмбажылу" по группам потребителей

Наименование СЕМ	Наименование услуг	Группы потребителей	Тариф,тенге/Гкал
КГП "Эмбажылу"	теплоснабжение	**средний**	7 727,99
		население	5 291,97
		прочие	6 303,89
		бюджетные	8 038,06